

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 381 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 2 тамыздағы N 231 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 48. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998.10.22. N 618 қаулысымен. ~V980676

Мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерін сенімді басқаруға беру бойынша тендерлер өткізуге байланысты қызметтерін реттеу мақсатында Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 381 "Кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерін сенімді басқаруға беру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерін сенімді басқаруға беру тәртібі туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

6-баптың 6-тармағының 2-бөлімі 6-баптың 4-тармағының 2-бөлімі болып саналсын;

6-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тендерге қатысушылардың енгізілген кепіл ақша (кепіл) сомасынан тендерді ұйымдастыру бойынша шығындардың орнын толықтыру үшін қажетті қаражаттар алынады:

- жеке жобаларды жасау бойынша консалтингтік қызметтер;
- даулы мәселелер бойынша жер-жерлерге шығу және мемлекеттік заң мекемелері немесе мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар туралы шешімдерді қабылдау жолымен мәселелерді шешу бойынша іссапар шығыстары, оларды қайта құру, тарату, сауықтыру рәсімдерін жүргізу үшін, жекешелендіру үшін сенімді басқарушыға кепілдікпен мемлекеттік меншік нысандарын жалға беру, жалдау үшін шарттарға (келіссөздерге, келісімдерге) қол қою;
- қалааралық, халықаралық телефон сөйлесулерін төлеу;
- нысандардың күзеті үшін төлем;
- транспорт төлемі;
- жарнамамен және ақпаратпен қамтамасыз еткені үшін шығындар;
- қағаздарды, бланкілерді, кеңсе тауарларын, компьютерлердің қосалқы

бөлшектерін сатып алу, құжаттарды түптеу , жабдықтарды, техникаларды жөндеу;

- тендерлерді өткізуге тікелей қатысқан және жұмыс уақытынан тыс жұмыс істеген қызметкерлерді материалдық ынталандыру үшін";

6-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"Жеңіске жетпеген тендерге қатысушыға тендерді ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындарды жабу үшін қажетті енгізілген сомалардың 10 процентін шегеріп қайтарады. Қалған кепіл ақша (кепіл) сомасы Қатысушыға 20 банк күні ішінде қайтарылады.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Департамент Директорының орынбасары О.А. Абдукамаловқа жүктелсін.

Директор